



Kazakhstan

Foto240x320.ru




**Қазақстандағы денсаулық сақтау
ұйымы және бағдарламалары**




Денсаулық сақтау – қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы. Бірнеше рет қайта құруларды басынан кешіріп, алдағы уақытта да дамытылуы жоспарланып отырған ұлт денсаулығы – еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін орасан зор қаржы бөлінуде, жеке меншік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жаңа әдістері енгізілуде, дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда, осының бәрі қолданыстағы заң аясында өзара үйлесімділікпен дамуда.





- Денсаулық сақтау саласын басқару 1991 жылдан 1996 жылға дейінгі аралықтағы қаржы және білікті маман тапшылығы (ең мықты деген кадрлар эмиграцияға кетіп қалған) кезіндегі бала және ересектер арасындағы өлім-жітімнің өршіп тұрған қиын материалдық жағдайына қарамастан тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуге барынша тырысқан Денсаулық сақтау министрлігі деп аталған арнайы министрлікпен басқарылған еді.
- 1996 жылы елде сақтандыру жүйесінде қайта құру басталып, ол өз кезегінде денсаулықсақтау саласын айналып кете алмады. 1996-1998 жылдар бюджеттік-сақтандыру жүйесіне өту кезеңімен белгілі. Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар 1995 жылғы 15 маусымдағы №2329 Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы Жарлығы шықты. Ол жарлық бойынша міндетті медициналық сақтандыру Қоры арқылы тұрғындарды міндетті және ерікті сақтандыру ойластырылды. Бұл Қор Денсаулық сақтау министріңде жасалған міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын қалыптастырған мемлекеттік коммерциялық емес ұйым еді.





Бұл бағдарлама күйреп қалғанымен қазіргі кездегі медициналық сақтандырудың қаржы нарығында қаржылық тұрақтылық пен сақтандырудың жаңа қаржылық институттарының қалыптасуына жағдай жасады.

- 1990 жылы мемлекеттік басқару ұйымдарын оңтайландыруға байланысты елде мемлекеттік ұйымдардың саны қысқарып кеткені белгілі Сол науқаннан Денсаулық сақтау министрлігі де шет қала алмады. Осылайша, бұл ұйымның аты ҚР Денсаулық сақтау, білім, Спорт министрлігі деп аталды. Осы атаудағы министрлік ҚР «Қазақстан-2030» стратегиялық дамуы аясында «Халық денсаулығы» атты алғашқы мемлекеттік бағдарламаны ұсынды.



- **Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан халқының денсаулығын жақсарту еді. Ол 1998-2008 жж. арналып, үш базалық кезеңнен тұрды және төмендегі қағидаларға сүйенді:**
- тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің қол жеткен деңгейін қолдау, сақтау, экономикалық, құқықтық ұйымдастырушылық іс-шараларын жандандыру және денсаулық сақтау жүйесін нарықтық жағдайға бейімдеу;
- медициналық қызметтің ішкі нарығын қалыптастырудың экономикалық-құқықтық алғышарттарын жасау;
 - медициналық мекеменің қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету;
 - халық денсаулығын сақтау мен дамытуға азаматтар мен жұмыс берушілердің, мемлекеттің жауапкершілігі [1].
- Бұл бағдарламаның жүзеге асуы денсаулық сақтау саласында ғана емес, сонымен бірге соған қатысты сумен қамту, өндірілетін, тасымалданатын азық-түлік тауарларына бақылау, қоршаған орта сияқты салаларда да шешілмеген мәселелер көп болды. Осының негізінде «Иммунизация», «Ана денсаулығының сақшысы»,



- «ВИЧ-тің таралуын тоқтату», «емдеу-сауықтыру және тууға көмектесу ұйымдарында асептиктер мен антисептиктерді сақтау», «қоршаған орта және ұлт денсаулығы», «отбасын жоспарлау», «бала азығы» және т.б. Бұл мәселелерді шешу барысында іс-шаралар жүйесі жасалынды, бірақ соңында белгілі болғанындай бұл бағдарламалардың ешқайсысы ақырына дейін жеткізілмеді. Сонда да елде бағдарламаның осынша ұзақ уақыт жүргізілгені назардан тыс қалмады.
- Осы бағдарламалар аясында ауылдық жерлердегі емдеу мекемелері ашылып, мектептердің төменгі сыныптарында тегін тамақ беру, мектептерде психолог қызметі, арнаулы клиникалар, жеке меншік жоғары медициналық оқу орындарында, клиникаларға лицензиялар берілді. Осы кезеңді кеңестік жүйеден қазіргі денсаулық сақтау жүйесіне өту кезеңі деп бағалауға болады.
- Денсаулық сақтау жүйесіндегі келесі қайта құруларды енді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүргізді. Ол 2005-2010 жж. арналған ҚРдағы денсаулық сақтауды дамыту мен қайта құрудың мемлекеттік бағдарламасы деп аталды. Ол бағдарламалы түрде қаржыландыруға бағытталды.



- Денсаулық сақтау туралы заң да қиындықтарды басынан кешті. «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексі қабылданды. Бұл акт еліміздегі денсаулық сақтауға қатысты барлық мәселелерді қамтыды. Сонымен бірге осы саладағы мемлекеттік басқару тетіктерін бекітті. Бұл кодекс медициналық ұйымдарда және ҚР денсаулық сақтау саласындағы білім ошақтарында жаңа медициналық құрал-жабдықтарды енгізуді міндеттеді. Денсаулық сақтау саласындағы Ұлттық Холдинг сол үшін құрылған еді. Бұдан басқа денсаулық сақтау салаларында лицензия беру, аккредитация және аттестаттау жүргізу ережелері мен негіздемесі тұңғыш рет заң тұрғысынан бекітілді.
- «Қазақстан-2050» стратегиясында Елбасы жаңа міндеттер қойды: сапалы және қолжетімді медициналық қызмет; кең таралған ауруларға диагноз қою мен оны емдеу; сауықтыру медицинасын дамыту; «смарт-медицина» қызметін, ауруды қашықтықтан емдеу мен сауықтыруды, «электронды медицинаны»; 16 жасқа дейінгі балаларға медициналық қызмет көрсетуді өмірдің минималды стандартын заңмен бекітуді енгізді.




Zingerbug.com


Осылармен бірге денсаулық сақтау саласында көптеген шешілмеген мәселелер де бар.

Олар:

- ауылдарда кәсіби мамандардың жетіспеуі;
- денсаулық сақтау саласында мамандардың нашар дайындалуы;
- медицина қызметкерлерінің жалақысының төмендігі, әлеуметтік жағынан аз қорғалғандығы;
- аймақтардағы медициналық мекемелердің техникалық жағынан нашар жабдықталуы;
- мемлекеттік басқару ұйымдарындағы жемқорлық;
- жіберілген дәрігерлік қателіктерге дәрігерлердің жауапкершілігінің төмендігі, олардың кінәсін дәлелдеп, жауапқа тартудың қиындығы.



**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМЫТУДЫҢ
2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
«ДЕНСАУЛЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ**



- 2015 жылы денсаулық сақтау саласын дамытудың **«Саламатты Қазақстан»** мемлекеттік бағдарламасы аяқталды және тұрғындардың денсаулығын одан әрі нығайту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің **2016 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.**




- Негізгі нысаналы индикатор күтілетін өмір сүру жасының деңгейін **2020 жылға** дейін **73,0** жасқа жеткізу болып анықталды.
 - Осы индикаторды іске асыру үшін, 2019 жылы жалпы өлім деңгейін ҚР ДСӘДМ-ң белгілеген келесі басым бағыттары бойынша төмендетуге қол жеткізу қажет (*1000 адамға 6,65*):
 1. Ана мен нәресте өлімін төмендету (*100 мың тірі туылғандарға 9,75, 100 мың тірі туылғандарға 7,49*);
 2. Жарақаттанудан, жазатайым жағдайлардан және уланудан өлімді төмендету (*100 мың адамға 79,9*);
 3. Қанайналым жүйесі ауруларынан өлімді төмендету (*100 мың адамға 158,55*);
 - 4. Қатерлі ісік ауруларынан өлімді төмендету (*100 мың адамға 70,0*);
 - 5. Туберкулезден өлімді төмендету (*100 мың адамға 1,7*);
 6. Жедел, шұғыл медициналық көмекті және санитарлық авиацияны дамыту.

- 2016-2020 жылдарға арналған "Денсаулық" Мемлекеттік бағдарламасы мұның алдындағы мемлекеттік бағдарламалардың қисынды жалғасы болып табылады. Интеграция қызметтерінің негізінде денсаулық сақтау жаңғырту Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасының жобасында денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін одан әрі дамытудың негізгі қағидаттары, жаһандық шақыруларға қарсы әрекет ету бойынша жаңа міндеттер белгіленген. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасы бағыттарының бірі отбасылық медицина қағидаттарын енгізумен бастапқы медициналық-санитарлық көмекті одан әрі басым дамыту мен жаңғырту негізінде денсаулық сақтаудың барлық қызметтерін интеграциялау болмақ, ол жалпы практика дәрігерлері арқылы жүзеге асырылатын болады. Перспективада заманауи білімді меңгерген, кең бейінді мамандар ретінде жалпы практика дәрігерлері емханалардың бейіндік мамандары үшін ғана емес, сондай-ақ стационарлардың мамандары үшін де емдеу үдерісінің үйлестірушілеріне айналады. Медициналық көмектің толыққанды интеграциясы мен сабақтастығы, көрсетілетін әр түрлі қызметтер мен ресурстардың қайталануын болдырмау үшін стационарлық мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары мен тәртібін жетілдіру қамтамасыз етілетін болады. ЖММК ұсынуды стандарттауды енгізумен жоғары мамандандырылған медициналық көмекті одан әрі дамытудың жаңа тәсілдері жасалып шығарылады, бұл қызмет көрсету үшін ұйымды аккредиттеуден міндетті түрде өткізуді қарастырады. Қолжетімділігі мен сапасын арттыру медициналық көмек Медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін медициналық ұйымды басқарудағы негізгі элементтердің бірі пациенттерді қолдау қызметі



- **«Денсаулық» бағдарламасы шеңберінде 2020 жылға қарай: Қазақстан Республикасы халқы өмір сүруінің күтілетін ұзақтығын 73 жасқа дейін арттыру; Мыналарды: – аналар өлім-жітімін – үш есе, – нәрестелердің өлім-жітімін – екі есе, – Қазақстан Республикасы халқының жалпы өлім-жітімін – 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 30% -ға; туберкулезден өлімге ұшырауды 100 мың адамға шаққанда 3,8 адамға дейін төмендету; 15–49 жас тобында АИТВ-жұқпасының таралуын 0,2–0,6 % шектерінде ұстап тұруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала және елдің әрбір медициналық ұйымы деңгейіндегі басқару жүйесін жетілдіре отырып, қол жеткізілген табыстар бекітілетін және халық денсаулығын сақтау мәселелерінде орын алған проблемаларды шешу қамтамасыз етілетін болады**

- «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басынан бастап өтініштер саны 2011 жылғы 177-ден 2015 жылы 289-ға дейін көбейді, ал шағымдар 164-тен 145-ке дейін азайды. Негізді шағымдар саны 10%-ға азайды.
- 2015 жылдан бастап 60 мемлекеттік денсаулық сақтау субъектілеріне пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметі енгізілді.





- **2016 жыл - сақтандыру медицинасына көшу үшін, дайындық кезеңі болып табылады. Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, адам ресурстарын стратегиялық басқару медициналық мекемелердің басшыларына жаңа функционалдық және біліктілік талаптарын енгізу арқылы іске асырылатын болады. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында медициналық мекемелердегі барлық жұмыс процестерін автоматтандыру және электронды форматта медициналық ақпаратты есепке алу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, науқастарды дәрігердің қабылдауына жазу, нақты уақыт режимінде кеңес беру және оларды жеке стационарлық компьютерлер мен смартфондарды қолдана отырып, бақылауға алу кезең-кезеңмен онлайн-жазбасы енгізіледі.**



- 2019 жылға тұрғындарды электронды паспорттармен қамту және электронды түрде ауруханаға жатқызу үлесі 50%-ға, ал бірыңғай желіге қосылған денсаулық сақтау мекемелерінің үлесі 80%-ға жеткізіледі



**Қазақстан Республикасы Президентінің
2016 жылғы 15 қаңтардағы №176 жарлығымен денсаулық
сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған
«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді**



Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты:

Мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз ету



Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Мемлекеттік бағдарламаның негізгі 7 бағыты анықталды:

1

Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту

2

МСАК-ті жаңғырту және басымдықпен дамытудың негізінде барлық денсаулық сақтау қызметтерін пациент мұқтаждықтары айналасына интеграциялау

3

Медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету

4

Ұлттық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саясатын іске асыру

5

Ниеттестікті ендірудің негізінде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру және оның қаржылық тұрақтылығын арттыру

6

Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыру

7

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік, инновациялар мен қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету



**САЛАМАТТЫ
ҚАЗАҚСТАН**

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаты


елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын
қамтамасыз ету үшін азаматтардың денсаулығын
жақсарту болып табылады.

«Халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық
сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын
арттыра беру міндет.

Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына
және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек....»

Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
Қазақстан халқына жоллаудан

2010 жылғы 29 қарашада Мемлекет басшысы
«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың
2011-2015 жылдарға арналған
«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы»
Жарлыққа қол қойды.



“Саламатты Қазақстан” бағдарламасы

Осы Мемлекеттік бағдарлама
«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму
жоспары туралы»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы
№922 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген.

Бағдарламаның міндеттері

Азаматтардың денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту;

Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жетілдіру;

Медициналық және фармацевтикалық білімді жетілдіру, медицина ғылымын және фармацевтикалық қызметті дамыту

Бағдарламаның мерзімдері

2011 - 2015 жылдар



бірінші кезең:

2011 - 2013 жылдар



екінші кезең:

2014 - 2015 жылдар

Бағдарламаның бағыты

Азаматтардың денсаулық сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдар тиімділігін арттыру;

Азаматтардың денсаулығын одан әрі нығайту және негізгі әлеуметтік-әлеуметтік аурулардың деңгейін төмендету;

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру;

Бірінші ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыруды;

Басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру, медициналық, фармацевтикалық білімді жетілдіру;

Медицинада инновациялық технологияларды дамыту және енгізу.

сондай-ақ дәрілік заттардың халық үшін қолжетімділігін және сапасын арттыру да осы жоба аясында атқарылатын негізгі бағыттардың бірі.

Бағдарлама бойынша ұйымдастырылатын шаралар

Орталық «Салауатты өмір салты» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді.

Бағдарламада 17 бағыт бар, оның ішінде барлық мәселе қамтылған.

Мамыр айында медицина қызметкерлерінің және қала тұрғындарының арасында спорттық жарыстар өткізіледі.

Мәселен, былтыр футбол, волейбол жарыстары ұйымдастырылса, қыста шаңғы, коньки тебуден сайыс өткізілді. «Қазақстан-Ақтөбе» телеарнасынан салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған бейнекөріністер көрсетіліп, облыстық «Ақтөбе» газетінде мақалалар үнемі жарияланып тұрады. VII қысқы Азиада ойындарына байланысты облыста кіші қысқы Азиада спорттық жарыстары өтті. Жалпы, мұндай шаралар жалғасын таба береді.



Жалпы өлім-жітім саны 2013 жылы
– әр 1000 адамға шаққанда 8,14 дейін;
Ал 2015 қарай – 7,62 дейін төмендейді.

Бала өлімі 2013 жылы - тірі туылған
әр 1000 балаға шаққанда 14,1 дейін,
Ал 2015 жылға қарай –
12,3 дейін төмендейді..

ВИЧ-инфекциясын 14-49 жастың
аралығында таралуы көрсеткіші
0,2-0,6 пайыздың шегінде ұсталады.



Туберкулезбен ауыру көрсеткіші
2013 жылы – әр 100 мың адамға
шаққанда 98,1 дейін;
Ал 2015 қарай – 94,7 дейін
төмендейді.



Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасы



Халық өмірінің жас ұзақтығы
2013 жылы - 69,5 жасқа дейін,
2015 жылға қарай - 70 жасқа дейін
ұлғаяды деп күтілуде.



Ана өлімі 2013 жылы - тірі туылған
әр 100 мың адамға шаққанда 28,1 дейін,
Ал 2015 жылға қарай – 24,5
дейін төмендейді.






“Цифрлы Қазақстан” бағдарламасы





- Елжан Біртановтың айтуынша, денсаулық сақтау саласын цифрландыру Президенттің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын іске асыру аясында «Денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» жобасы бойынша жеке бастама ретінде іске асырылуда, сонымен қатар «[Цифрлық Қазақстан](#)» мемлекеттік бағдарламасымен толық сәйкестендірілген.



• Денсаулық сақтау жүйесін цифрландырудың 2017–2018 жылдарға арналған жол картасы әзірленді. Жыл соңына дейін Бірыңғай интеграциялық платформаны пилоттық енгізу көзделген, оның аясында Қазақстан Республикасының әрбір азаматының жеке ұяшығы — денсаулығының электронды паспорты болады. Сондай-ақ, жекелеген қызметтердің жұмысы автоматтандырылады: Медициналық сақтандыру қоры, қоғамдық денсаулық сақтау мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласы.

«Денсаулық сақтау министрлігі мен IBM компаниясының арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, оның шеңберінде «Watson for oncology» — денсаулық сақтау саласына жасанды интеллектіні пилоттық енгізу жоспарланған. Қазіргі таңда жоғарыда аталған меморандум аясында пилоттық жобаны өткізу бойынша жол картасы әзірленуде», — деді министр

- Сонымен қатар бүгінде ЮНИСЕФ-пен бірлесіп «Патронаж мейірбикесі және ерте жастағы балаларды күту» мобильді қосымшасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Мобильді қосымшаны іске қосу 2017 жылдың желтоқсан айына жоспарланған.
- 2018 жылы қағазсыз денсаулық сақтау жүйесі пилоттық режимде төрт өңірде: Қарағанды, Қостанай, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ, республикалық деңгейдегі бірқатар ұйымда іске қосылады. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап медицина ұйымдары медициналық құжаттаманы қағазсыз форматта жүргізуге толықтай көшеді, соның ішінде: электрондық амбулаториялық карталар, аурулардың электрондық тарихы және электрондық рецептілердің көшірмесі.
- Министрдің айтуынша, денсаулық сақтау саласын цифрландыру арқылы медицина қызметкерлерінің еңбек өнімділігін ұлғайтып, халықтың медициналық қызметтерге қанағаттану деңгейін арттыру көзделген



“Нұрлы жол” бағдарламасы бойынша...





- Үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт.
- Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады.
- Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс.
- Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек.
- Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек.
- Тиімділігі аз және мемлекет үшін шығыны көп диспансерлік ем қолданудан негізгі созылмалы ауруларға алыстан диагностика жасап, сондай-ақ осы саланы амбулаторлық емдеу арқылы басқаруға көшу қажет.
- Бұл тәжірибе әлемде бұрыннан бар.
- Оны батыл әрі белсенді түрде енгізу керек.
- Онкологиялық аурулармен күресу үшін кешенді жоспар қабылдап, ғылыми онкологиялық орталық құру қажет.
- Халықаралық озық тәжірибе негізінде ауруды ерте диагностикалаудың және қатерлі ісікті емдеудің жоғары тиімділігі қамтамасыз етілуге тиіс.



- Біз кардиология, босандыру және өкпе ауруымен күресу кезінде атқарған істеріміз сияқты жұмыстарды да жүргізуіміз керек.
- Денсаулық сақтау саласы халықтың, мемлекеттің және жұмыс берушінің ортақ жауапкершілігіне негізделген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кезең-кезеңімен көшетін болады.
- Оны енгізудің қажеттілігі ешқандай күмән туғызбайды.
- Алайда, Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі іске асырмаған дайындық жұмыстарын тыңғылықты жүргізу талап етіледі.
- Мемлекеттің міндеттерін нақты белгілей отырып, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін әзірлеу қажет.
- Халық мемлекет тарапынан кепілдік берілмеген қызметтерді Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы ретінде немесе ерікті медициналық сақтандыру, сондай-ақ бірлесе төлеу арқылы ала алады.



- Ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру қажет.
- Медицинада ауруларды диагностикалау мен емдеудің тиімділігін айтарлықтай арттыратын генетикалық талдау мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге кірісуіміз керек.
- Медициналық кадрлармен қамтамасыз ету және оларды сапалы даярлау маңызды мәселе болып саналады.
- Бүгінде бізде Назарбаев Университетінің бірегей Медицина мектебі бар. Онда біріктірілген университет клиникасы жұмыс істейді.
- Бұл тәжірибе барлық медициналық жоғары оқу орындарына таратылуға тиіс.
- Осы және басқа да шараларды іске асыру үшін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің жаңа редакциясын әзірлеу қажет.
-

2018 жылда денсаулық сақтау саласында күтілетін өзгерістер






- Денсаулық сақтау жүйесіне енгізілген түзетулерге сәйкес, әлеуметтік сақтандыру қорына жиналатын жарналар мен аударымдардың көлемі қайта қаралды, сондай-ақ кімдердің орнына жарналар мемлекет тарапынан төленетіні және қорға салымшылардың тізімі жарияланды.
- Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға елдің азаматтарымен тең дәрежеде әлеуметтік сақтандырудың міндетті жүйесінде медициналық көмек алу құқығын беруі қамтамасыз ету қарастырылды.



- **2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан азаматтары медициналық сақтандыру қызметтерін пайдалана алатын жүйе жұмысын бастады**
-
- 1 қаңтардан бастап Әлеуметтік сақтандыру қоры міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміндегі қызметтерді төлемін қамтамасыз етеді.
- — Балалар
- — Зейнеткерлер
- — Мүгедектер
- — үш жасқа толған ата-аналарындағы немесе 18 жасқа толмаған мүгедек балаларға арналған аналар
- — орта және жоғары оқу орындарының студенттері
- — Құқық қорғау органдары
- — әскери қызметкерлер және басқа да халықтың жекелеген санаттарына, оның ішінде халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жарналар төлейтін медициналық сақтандыру жүйесіне мемлекет те қосылған.
- Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу міндетті болып табылады. Кез-келген себептермен қорға жарналар төлемеген азаматтар тек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне ғана қол жеткізе алады.
- *Дерек көзі: www.zakon.kz*
-

ОСМ шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсету 2020 жылға ауыстырылды

- Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі ОСМС-да медициналық көмек көрсетуді және жеке тұлғалар мен мемлекет тарапынан төленетін төлемдерді 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзарту туралы заңнамалық өзгерістер қабылданды.
- Сонымен бірге, ОСМ-ні толық көлемде іске қосар алдында, 2018 және 2019 жж. Жұмыс берушілердің ай сайынғы төлемдерін Медициналық сақтандыру қорына әр қызметкердің жалақысының 1,5% -ын, 2020 жылдан бастап — есептеу объектісінің 2% -ын ұстау туралы шешім қабылданды. Бұл норма жеке кәсіпкерлерге және кәсіпорында жұмыс істейтін шаруа қожалықтары иелеріне де қолданылады.
- Қабылданған түзетулерге сәйкес, ЖЗҚ-ның келісім-шарттары бойынша кіріс алатын жеке тұлғалардың салымдары айтарлықтай төмендетілді. Осылайша, ол жарналарды есепке алу объектісінен, яғни есептелген кірістен 2020 жылы 5% -дан 1% -ға дейін, ал 2021 жылы 2% -ға төмендейді.
 - 2020 жылдың қаңтарынан бастап, мемлекет статистика саласындағы уәкілетті орган айқындаған ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылдағы экономикадағы орташа айлық жалақының 4% мөлшерінде, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына жарна төлеуді бастайды.
- Қызметкерлердің ОСМС жүйесіне қатысуы 2020 жылдан басталады, ал олардың кірістерінен жұмыс берушілер 2020 жылы 1% , 2021 жылы 2% мөлшерінде жарна төлейді.
 - 2018 және 2019 жылдардағы өтпелі кезеңде жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі жұмыспен айналысатындар, ОСМС қатысушылары санатына кірмейтін басқа тұлғалар, ЖЖҚ келісімшарттарында жұмыс істейтін тұлғалар ОСМО жүйесінен босатылады. Белгілі бір мәртебесі, ресми табысы және жұмыс орны жоқ адамдар үшін 2020 жылдың қаңтар айынан бастап, ең төменгі жалақының ең төменгі мөлшерінің 5% -ын төлеуге мүмкіндігі қалады.



- **2018 жылдың бірінші тоқсанына арналған тегін дәрі-дәрмектер сатып алынды**
- Жылдың бірінші тоқсанында халықты тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 874 атаулы дәрілер сатып алынған. Олар 2018 жылдың бірінші тоқсанында еліміздің медициналық мекемелерінде жеткізіледі.
- Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан халқын дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз ету үшін 2017 жылғы желтоқсанда Үкімет Бірыңғай дистрибьютордың сатып алу рәсімдерін реттейтін ережеге түзетулер енгізу туралы шешім қабылдады. Мұндай рәсімдер қысқа мерзімде қазақстандықтарды тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- *Дерек көзі: www.mz.gov.kz*
-



Пайдаланған әдебиеттер

- Указ Президента от 16.11.1998. №4153 «О государственной программе «Здоровье народа». [Электронный ресурс]Режим доступа: “http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsb/dok_oeqgzi/”.
- Указ Президента Республики Казахстан от 13 сентября 2004 года № 1438 Государственная программа реформирования и развития здравоохранения РК на 2005-2010 годы. [Электронный ресурс]-Режим доступа: ‘<http://do.gendocs.ru/docs/index-279252.html>’.
- Послание Президента РК – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». [Электронный ресурс]-Режим доступа: <http://www.bnews.kz/ru/videonews/post/115508/>

Назарларыңызға рахмет!!!

